



Қазақстан мен Орта Азияның көкпар додасындағы бейнесі жақын уақытта көмескіленбейтін сияқты. Қазақстан саясаткерлері мен саясаттанушыларының біздің ел жайындағы пікірлеріне құлақ түрсеңіз, Қазақстан көз алдыңызға құдады бір колониядай елестейді. Біреуі мұхиттың арғы жағына иек артуға құмар болса, біреуі Ресейдің ығына жығыла кетуге дайын.

Елдің Сыртқы істер министрлігі жанындағы Консультациялық Кеңесі мүшелерінің анда-санда (жылына бірер рет) кездесіп, елдің өзге елдермен қатынасы жөнінде пікір алмасатыны бар. Қазақстанның геосаяси ахуалы жөніндегі жалаң пікірлерді бірер рет қайталап алған олар «аймақтағы америка күштеріне Ресейдің көзқарасы мұнан былай қалай өрбімек?», «Қытайдың позициясы қалай болмақ?» — деген мәселеге көбірек бас ауыртты.

Кезінде президенттің баспасөз хатшысы, кейін либералды партияның жетекшісі болған (онысы құрдымға жоғалып кеткен), саясат қазанында не болып жатқанынан сәл де болса хабары болуы тиіс, Асылбек Бисенбаев логикаға мүлде сай емес пікірімен алға ұмтылады. Оның айтуынша, аймақта америка әскери базасының қалыптасуы Ресейге еш зиян емес. Өйткені, Ресей Орта Азия елдеріне инвестиция тартудан ерекшеленбеген. Сондықтан, америка инвестициясы мен әскери күші Мәскеуге майдай жағады екен.

Оның сөзін саясаттанушы Сұлтан Әкімбеков тойтаруға тырысты.

Сыртқы істер министрі: «Соңғы уақытта Ресейдің посткөнестік

ҚАСЫМЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

«ОРТА АЗИЯДА ИНТЕГРАЦИЯ ҚҰРУ ӨЗІРГЕ МҮМКІН ЕМЕС»

елдердің экономикасына аса үлкен көлемде инвестиция тартып жатқанын байқап отырмыз. Бұл — тікелей президент Путиннің тапсырмасы. Мұның сыртында «ұзақ уақытқа жоспарланған мүдделер» бой көрсете бастады. Яғни, бұл мүдделер біздің саясатта үлкен орын алады» деп Ресейдің жоспарын қаперге алып қоюдың қажеттігін аңдатты.

Ал оқта-текте өз пікірлерімен ерекшеленіп қоятын «патриот» Ғани Қасымовтың: «Одақтар құрылады, одақтар ыдырайды. Бірақ, жақын көршілеріміз қала бермек немесе ұлы күштер дей бергеннен гөрі, көршілерімізге де бірауық көз қырын салып қояйық. Олардан қол үзіп кету мүмкін емес ғой. Біз әр одаққа бір ұмтылғаннан гөрі, неге көршілерімізбен арадағы ахуалды дұрыстамаймыз, неге интеграцияны солармен бірге құрмаймыз» дегені сол еді, министр оның сауалын да қанағаттандырып үлгерді. «Орталық Азиядағы интеграция жайлы идея болашақта жүзеге аса қоймас. Интеграцияның өзі — заңдылықты бірегейлендіру деген сөз. Шын мәнінде жүзеге асқалы жатқан интеграция — Біртұтас Экономикалық Кеңестік одағы. Ал Орталық Азия елдері мұндай одаққа лайын емес. Аймақтағы ынтымақтастықтың өзі — елдердің экономикалық мүдделерінің сәйкессіздігінен, бақталастықтан, мемлекеттердің бір-біріне деген сенімсіздігінен әрі аса алмай отыр. Тіпті, жақында ресми Бішкектің жол, тасымал саласы бойынша бізден

сұраған бүкіл тілектерін орындауды мойнымызға алғанбыз. Ал, Нарын су қоймасы кешенінің бір бөлігіне инвестиция тартып, өзімізге қарату жайында тілек білдіргенімізге, қырғыз Үкіметі «Бұл — Парламенттің қарауындағы мәселе. Ал парламентарийлер оған келіспейді деп отыр. Ертелі-кеш, аймақтағы мемлекеттер өз экономикаларына Қазақстанның кіруіне келісім береді» дейді. Шындығында да, Қырғыз Жоғорку Кеңеш депутаттарының Қазақстанға бауырлас ел бейнесінен гөрі, қанап жатқан мемлекет бейнесі жақын ба деп қаласыз. Мұның негізгі себебі, қырғыз экономикасындағы табысты салаларға бақылау жасаушының қазақ ұлтынан екендігі немесе ол бизнесменнің Ақаевтың отбасына жақындығы себеп болса керек. Оның үстіне, қырғыз парламентарийлері аймақтағы өзге елдердің депутаттарынан еркіндігімен, ашықтығымен ерекшеленеді. Олар көрші елдеріндегі заң шығару орган өкілдері сияқты сыртқы инвестицияға көз жұма қарап, басын құмға тығып алуға, мүлде жок. Не болса да, ашық айтады. Қырғызстан үшін стратегиялық маңызы зор Нарын су электр стансасы мен су қоймасына Қазақстанды жақындатуының сыры да сонда.

«Орта Азия елдері тіпті, су-энергетикалық консорциум құра алмай отыр, — деген Тоқаев, Өзбекстан мен Қазақстанның арасындағы ертеден келе жатқан тарихи бәсекелестік жайын естен шығармау керек» дейді.

Орталық Азия елдерінің арасында Қазақстан — лидер, даму барысы барлық мемлекеттен жоғары деп, өз-өзімізді жұбатуды қою керек! Мұны өзгелер айтсын» деген министр Өзбекстанның қуатынын жоғары екендігіне тоқталып, бұл елдің реформалар жөнінде аз-кем қалып қойғаны болмаса, өте мықты мемлекет» дейді.

Сөйтіп, Қазақстан билігі өкілінің Қазақстан мен Орта Азия интеграциясы төнірегіндегі ойлары тіпті пессимистік бағытта шықты.

Естеріңізге сала кетсек, КСРО ыдырар кезде, Ресей, Украина, Беларусь елдерінің лидерлері жиналып, Беловежьеде келісімге келгенде, сол уақыттағы ақпарат құралдары, «Славяндар Одақ құрудың алғашқы қадамын жасады. Ал ендігі әрекетті Орта Азия елдерінен күту керек. Олар, түркі мемлекеттерінің конфедерациясын құруы мүмкін деген болжам жасаған» еді. Айтқандай-ақ, славяндар Беловежьеде кездесіп, жоғын түгендеп жатқанда, түркі тілдес төрт ел мен Тәжікстан басшылары Ашхабадта жолыққан. Бірақ, конфедерация идеясы жүзеге асқан жоқ. Дегенмен, ол идеяның жүзеге асуы әбден мүмкін болатын. Сол кезде-ақ, мемлекеттер билігі аралығындағы бәсекелестік тұсау болып еді. Енді, мәселе тіпті, күрделеніп кеткен. Тоқаев айтпақшы, су-энергетикалық консорциумын да құра алмай отырмыз.

Айтпақшы, Тәжиннің Ұлы күштер мен Қазақстан жөніндегі пікірі де

саясаттанушылар тарапынан қалыс қалған жоқ. Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары Марат Тәжин, жақында: «Орталық Азия әлдебіреулердің ойын аланы емес. Бұл аймақтың тағдыры — Вашингтон немесе, Мәскеуде емес, өз елдерінің астаналарында шешіледі» деген еді.

К.Сыроежкін сынды ғалымдар бұл пікірді сынап ғана қоймай, бұған деген өздерінің ирониялық позицияларын аңдатты.

ТҮЙІН

Біздіңше, Орталық Азиядан «Ұлы күштердің ойын аланы, мұндағы геосаяси ахуал күрделі» деген ұғымды аластайтын уақыт келген секілді. Рас, мүдделер болған және болады. Бірақ, ең алдымен, бұл аймақтағы әр елдің өзіндік саясатын алғашқы орынға шығару керек. Мүмкіндік болса, осы елдердің мүдделерін ортақ мүдде ретінде көрсету керек. Қазір саяси ортала Тәжиннің пікірі логикаға сай емес болып көрінгенмен, дәл осындай жалтақтықтан ада ойларға қолдау көрсету қажет. Көкпар додасындағы лак бейнесінен өзіміз арылуға кіріспесек, сыртқы ортаға тәуелділікті онан бетер күрделендіріп алуымыз мүмкін.

Оның үстіне, көршілерімізбен арадағы қарым-қатынасымыз — билік Олимпіндегі жандардың позициялары бойынша емес, болашаққа негізделген стратегиялық максаттар бойынша құрылуы тиіс. Тоқаев, нақты іске асқан интеграция ол — Біртұтас Экономикалық Кеңестік деп, Орталық Азияда ондай одақ құруға мүмкіндік бермейтін себептерді санамалап отыр.

Қайта, тілі мен діні, ділі, бір сөзбен айтқанда, түбі бір халықтардың арасын әртүрлі себептерді алға тартып, алшақтату емес, қайта жақындастыру максатында істер атқарылып бастауы керек. «Интеграция құрылмайды» деп отыра берсек, ол әрине, құрылмайды.

Бізге Ұлы күштердің қанатынан жылу іздегеннен гөрі, көрші туысқан елдердің басын қосу арқылы, үлкен жүшке айналған тиімді.

Көрші мемлекеттер арасындағы темір торды серпуге ықпал ету қажет. Ал ондай ықпал жасау — сыртқы саяси ведомстволардың үлесінде.

Ал біздің Сыртқы Істер министрлігінде ондай істер әлі, жолға қойылған жоқ.

Тәжиннің пікіріне —
Тоқаевтың көзқарасы:

— Осы аймақта кейбір елдердің өзіндік мүдделері бар. Ол мүдделерді де ескеріп отыруымыз қажет. Болмаса, нәтиже шығару қиын. Бұл — үлкен ойын алаңы. Осыны еске сақтауымыз керек. Дипломатия дегеніміздің өзі өте күрделі құбылыс ғой. Бірақ, бұл пікір-ұсынысты қаперге алуымыз қажет. Өйткені, бұл өте маңызды, қызықты ұсыныс екен.